

**Дәрілік затты медициналық қолдану
жөніндегі нұсқаулық**

Климактоплан Н

Саудалық атауы
Климактоплан Н

Халықаралық патенттелмеген атауы
Жоқ

Дәрілік түрі
Таблеткалар

Құрамы

Бір таблетканың (250 мг) құрамында
белсенді заттар: Cimicifuga trit. D2 – 25 мг, Sepia trit. D2 – 25 мг, Ignatia trit. D3 – 25 мг, Sanguinaria trit. D6 - 25 мг
қосымша заттар: лактоза моногидраты, бидай крахмалы, магний стеараты.

Сипаттамасы

Жалпақ цилиндр пішінді, ойығы бар, кейде аздап теңбілді, сұр түсті таблеткалар.

Фармакотерапиялық тобы

Гинекологиялық ауруларды емдеуге арналған басқа препараттар
АТХ коды G02СХ

Фармакологиялық қасиеттері

Климактоплан Н құрамында төрт гомеопатиялық монопрепарат бар, олардың әрқайсысы әйел организмiне, әсіресе климактериялық кезеңде (менопауза) белгiлi бiр әсер бередi.

Cimicifuga гипоталамуска әсер етiп, ысынуларға, жүйке қозу жағдайына және депрессияға ерекше ықпалын тигізедi.

Sepia бүйрек үстi бездерi қыртысының, жыныс ағзалары және гипофиз гормондарының бiрiккен функциясын реттейдi. Ignatia секiлдi Sepia да ең әуелi психикаға әсер етедi, алайда ол терлеу ұстамасына, ысынуларға,

бас ауыруға және әлсіреу жағдайына әсер етеді. Sanguinaria беттің қызаруымен және жүрек соғуының жиілеумен қатар жүретін ысынулар кезінде, сондай-ақ бас сақинасы түріндегі бас ауыруларда өте тиімді. Климактоплан Н өзінің құрамындағы спецификалық ингредиенттердің үйлесуінің арқасында климактериялық кезеңге тән шағымдардың көп компонентті кешенін емдеуге арналған дәрілік зат болып табылады. Климактоплан Н жақсы көтерімді болғандықтан оны ұзақ уақыт бойы қолдануға болады.

Қолданылуы

Климактоплан Н мынадай климактериялық бұзылыстар мен жай-күйді емдеуге арналған гомеопатиялық дәрі болып табылады:

- ысынулар
- тер шығуы
- жүрек қағуы
- бас айналу
- қышыну
- жүйке ширығуы
- ұйқының бұзылуы
- күйзелістік жай-күй
- жүйке қозғыштығы

Қолдану тәсілі және дозалары

Күніне 3 рет 1 таблеткадан тамақтанудан жарты сағат бұрын немесе жарты сағаттан кейін, оларды ауыз қуысында баяу сора отырып, қабылдаған жөн.

Жақсару болмаған жағдайда дозалау режимі қайта қаралуы керек. Қажет болғанда таблетканы аздаған су мөлшерінде ерітуге болады. Жақсара бастағанда дозаны төмендету керек.

Жағымсыз әсерлері

Өте сирек (<1/10 000) немесе белгісіз (жиілігін қолда бар деректер бойынша бағалауға болмайды):

Аса жоғары сезімталдық реакциялары туындауы мүмкін. Мұрыннан қан кетуі, етеккір қан кетуінің қайталануы, немесе етеккір қан кетуінің жиілігі артуы ықтимал.

Қандай да бір жағымсыз әсерлері туындағанда дәрігерге немесе фармацевке қаралған жөн.

Қолдануға болмайтын жағдайлар

- препарат компоненттеріне жоғары сезімталдық
- препарат құрамында лактоза болуына байланысты лактоза жақпаушылығы, туа біткен Lapp-лактаза жеткіліксіздігі немесе глюкоза/галактоза сіңуі бұзылуымен байланысты сирек тұқым қуалайтын аурулары бар пациенттерге қолдануға болмайды.

Дәрілермен өзара әрекеттесуі
Осы уақытқа дейін анықталмаған.

Айрықша нұсқаулар

Гомеопатиялық дәрілерді қолданған кезде бар ауру симптомдарының уақытша нашарлауы (бастапқы нашарлау), қосымша шағымданулар туындауы мүмкін. Мұндай жағдайда Климактоплан Н қабылдауды тоқтатып, дәрігермен кеңесу қажет.

Препарат құрамында бидай крахмалы бар. Бидай крахмалының құрамында глютен бар, бірақ өте аз ғана мөлшерде болады, сондықтан препарат глютен сезімтал целиакиямен зардап шегетін пациенттерге қауіпсіз деп саналады. Бидайға аллергиясы бар пациенттердің (целиакиядан айырмашылығы бар) бұл дәрілік препаратты қолданбағандары жөн.

Басқа кез келген дәрілік заттар қабылдап жүрсеңіз, таяуда қабылдаған немесе қабылдайтын болсаңыз дәрігерге немесе фармацевке айтыңыз. Жағдай нашарлаған немесе қосымша шағымдар туындаған жағдайда дәрігерге қаралыңыз.

Лактоза

Препарат құрамында лактоза бар. Лактозы жақпаушылығы, туа біткен Ларр-лактаза жеткіліксіздігі немесе глюкоза-галактоза сіңуінің бұзылуымен байланысты сирек тұқым қуалайтын аурулары бар пациенттерге Климактоплан Н қолдануға болмайды.

Жүктілік және лактация кезеңі

Препарат жүктілік және лактация кезеңінде қолдануға арналмаған.

Тамақтану және сусындар ішу кезіндегі әсері

Гомеопатиялық дәрілік заттардың әсер етуіне жалпы өмір салтының жағымсыз факторлары, сондай-ақ стимуляторлар немесе алкогольді ішімдіктер және темекі шегу жағымсыз әсерін тигізуі мүмкін.

Көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері

Әсер етпейді

Артық дозалануы

Байқалмаған

Шығарылу түрі және қаптамасы

20 таблеткадан поливинилхлоридті үлбірден және алюминий фольгадан жасалған пішінді ұяшықты қаптамаға салынған.

5 пішінді ұяшықты қаптамадан медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тіліндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынады.

Сақтау шарттары

Құрғақ жерде, 15°C-ден 25°C-ге дейінгі температурада сақтау керек.
Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Сақтау мерзімі

5 жыл

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецептісіз

Өндіруші және тіркеу куәлігінің иесі

Дойче Хомеопати-Унион ДХУ-Арцнаймиттель ГмбХ & Ко. КГ
Оттоштрассе 24, 76227 Карлсруэ, Германия.

Қаптаушы ұйым

Доктор Вильмар Швабе ГмбХ & Ко. КГ
Wilmar-Schwabe-Str. 4, 76227 Карлсруэ, Германия.

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан өнім (тауар) сапасына қатысты шағымдарды қабылдайтын, дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның мекенжайы

«Альпен Фарма» ЖШС

Алматы обл., Қарасай ауданы, Елтай ауылдық округі,

Көкөзек а., 1044 учаске

Тел./факс + 7 727 232-34-73,

+ 7 727 232-34-74

Ұялы тел. +7 701 035 70 69 .

Е-mail: info.kazakhstan@alpenpharma.com